

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗК ЕНПФ YouTube арнасында - Болат Жәмішовпен эксклюзивті сұхбат

*Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің құрылғанына
25 жыл толуына орай сұхбаттар топтамасы*

Мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандырудан көп құрамдауышты зейнетақы жүйесіне біртіндеп көшуді көздеген зейнетақы реформасы жүзеге асырылғалы да ширек ғасыр өтті.

БЖЗК ЕНПФ YouTube-арнасында мемлекет қайраткері, белгілі қазақстандық қаржыгер, "Қазақстан халқына" қоғамдық әлеуметтік қорының төрағасы Болат Бидахметұлы Жәмішевпен зейнетақы реформасының неден бастау алғаны, іргетасының қалай қаланғаны, қателіктер мен қиындықтарды еңсеру тәжірибесі, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің не үшін қажет екендігі, оның эволюциясы мен мақсаты, сондай-ақ, тағы басқа да қызықты сәттер туралы сұхбат өтті. Болат Бидахметұлы зейнетақы реформасы тұжырымдамасын әзірлеушілердің бірі және оны іске асырудың белсенді қатысушысы ретінде танымал.

Жұмыс тобының құрамында Болат Бидахметұлы зейнетақы реформасын табысты іске асырған елдердің тәжірибесін зерделеді. Зейнетақы қорларының қызметін реттейтін және бақылайтын "Ұлттық зейнетақы агенттігін" бірінші болып басқарды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары лауазымында зейнетақымен қамсыздандыру бағытына жетекшілік етті.

Болат Бидахметұлы эксклюзивті сұхбатында: "Зейнетақы жүйесі – бұл ғасырлар бойғы жүйе, бір ұрпақ зейнетке шықса, келесі ұрпақ дүниеге келеді, ал зейнетақы жүйесі олар үшін де өз жұмысын жалғастыра береді. Егер қателіктер жіберілген болса, оны түзету ешқашан кеш емес. Зейнетақы жүйесі тұрақты, бірақ ол өзінің қазіргі ғана емес, болашақ зейнеткерлерді де лайықты зейнетақымен қамсыздандыру жолындағы басты мақсатына жету үшін икемді, үнемі жетілдіріп, дамытуға қабілетті болуы тиіс, - деген ойымен бөлісті.

Болат Жәмішовтың толық сұхбатын БЖЗК ЕНПФ YouTube-арнасынан 2023 жылдың 4-қыркүйегі күні мына сілтеме бойынша көре аласыздар
<https://www.youtube.com/watch?v=cTiRW6bPApw>

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты әрі пайдалы ақпарат алу үшін БЖЗК ЕНПФ YouTube-арнасына жазылыңыздар.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

